

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймуллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

- Academic Council of L.N.Gumilyov ENU, Printing house of L.N.Gumilyov ENU. – Astana. – 2019. – p.226. [in Kazakhstan]
2. Сабитов Р.А. Политический анализ теории коммуникативного процесса Г.Лассуэлла и его роль в формировании информационной политики / Краснодар: Кубанский гос. техн. ун-т, 1999. – 233 с.
3. Ибраев А.Ж. Основные направления политики реализации связей с общественностью (на примере НДП «Нур Отан»): автореф. ...канд. политических наук: 23.00.02. – Алматы, 2008. – 24 с.
4. Nair B., Janenova S., Serikbayeva B., (2019). A Primer on Policy Communication in Kazakhstan, https://doi.org/10.1007/978-981-15-0610-9_1
5. Дорбетханулы Т. Партиялық саяси имиджді қалыптастырудағы коммуникациялық байланыстың рөлі // «Саясат» журналы, №2, 2003. – 62-64 бб.
6. Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие / Научное издание. С-Пб.: Питер, 2000. – 380 с.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ **(Ақынның 100- жылдық мерейтойына орай)**

Бақыт Баткеева,
ф.ғ.к., Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Баспасөз және
баспа ісі кафедрасының доценті,
Астана, Қазақстан

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттің сыйлықтың лауреаты, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, қазақ мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Мұзафар Әлімбаевтың қазақ баспасөзі мен баспаісіне де қосқан үлесі зор.

Ұлы Отан соғысынан кейін офицер Мұзафар Әлімбаев жеті жылдай әскери қызмет атқарады. Соғыс шайқастарында да, соғыстан кейін әскери қызметінде де майдандық газеттерде, «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» Павлодар облыстық газеті «Қызыл ту», т.б. қазақ газеттері мен журналдарына патриотизм, қаһармандық тақырыптарына өлең- жырлар, өзекті мақалаларын үзбей жариялап отырды.

Әскери қызметін 1948 жылы толы аяқтап, жас ақын Алматыға келеді. Алдында үлкен мақсаттар, асыл армандар. Болашақ жоспарлар... Бір әңгімесінде Мұзағаң – «мені балапан-балғын жырларым армиядан елге қайтарды!»- деген екен. Әскери қызметке 7.5 жылын сарп еткен жас ақын астанаға келгеннен кейін , үш айды араға салып, «Пионер»журналының поэзия бөлімі меңгерушісі боп бекітіледі. Сөйтіп Мұзағанның муза әлеміндегі шеруі басталады.

Ол жас буынға жақсы тәлім беру майданының жалын жігерлі жауынгеріне айналды. Журналдың әрбір жаңа нөміріне бағалы өлең – жырлар тудыру үшін Қазақстанның аты белгілі ақын – жазушылармен етене танысып, кімнің неменеге оңтайы барын анықтап, тапсырыс беруді үрдіске айналдырады. Сол қаламгерлермен араласу жас ақын үшін де жақсы мектепке айналды... Басы Сабит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Қалижан Бекхожин, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжірбаевтар болып, «Пионер» журналының құлшынысты авторына айналды. Мұзафар Әлімбаев жұмыс бабымен республиканың алуан қайраткерлерімен тығыс байланыс жасап жас шәкірттер алдында сөйлетті.

1949 жылы көктемде Мұхтар Әуезов «Абай» романы үшін Сталиндік бірінші дәрежелі сыйлық алғанда, ұлы жазушымен үйінде жолығып, сұхбаттасқаны жас ақынның өміріндегі елеулі оқиға боп, есінде қалды. Сұхбат «Пионер» журналының 1949 жылғы №5 санында басылды. Кейін Мұхтартанушылар сол сұхбаттағы ғылыми фактілерді талай рет тілге тиек етті. Мұханмен сол танысу аға мен іні арысындағы риасыз достыққа ұласты.

1956 жылы Мұхтар Әуезов жас қаламгерді жанына жақын тартып Талдықорған облысын аралаған сапарына арнайы шақырып, ертіп барған. 1954 жылғы Абай юбилейінде Мәскеуге барғандардың тізіміне М. Әлімбаевты өзі қосқызған. Сол сапардағы естеліктері де «Пионер» журналында жарық көреді. «Пионер» журналы Мұзағаң үшін өнерниет мектебіне тең болған. Жас қаламгер білімдар жазушы, ақылды азамат Мұқан Иманжановпен 7,5 жыл табан аудармай қатар қызмет жасайды. Сан сипатты өнегеге кенеледі. Кітап жинудан бастап, білім теру, ел мүддесін ойлар ерге тән мінезқұлыққа дейсін рухы мықты Мұқаннан үйренеді. «Аяулы азамат, ақылды қаламгер» атты естелігінде өзіне өнеге тұтқан аға жөнінде Мұзағаң шын көңілден шындықты айтқан. Осы арада ойға сала кетейік. М. Әуезов жөнінде, М. Иманжанов жөнінде де естілікті бірінші боп сәтті, шыншыл жазғандардың бірі де М. Әлімбаев).

1956 жылы ақпанда М. Әлімбаев жазушылар Одағының ұйғарымымен «Қазақ әдебиеті» газеті көркем әдебиет бөлімі меңгерушісі боп ауысады. Мұнда Қазақстан қаламгерлермен етене жақындасу үрдісі қызу өтеді. Теңдессіз редактор, тамаша ақын Сырбай Мәуленов басқарған ұжымда Мұзағаң әйгілі қаламгерлер Тәкен Әлімқұлов, Жұбан Молдағалиев, Нығмет Ғабдуллин, Рахметқұл Бердібаев, Садықбек Адамбеков, Берқайыр Аманшиндермен бірге газеткерлік мектептен өтеді.

Мұзағаң 1957 жылы ақпанда «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы болып жоғарылатылады. Осы тұста ол реалистік очерктермен, сапарнамаларымен көрінді деумізге болады. 1958 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы жетекшісі Ғабит Мүсірепов ССРО Жоғарғы Советі депутаттығына кандидат болып тіркеленгенде М. Әлімбаевты өзі қалап Қызылорда облысында бір айлық сапар шегуге қосып алады. Ғәбеңмен

араластық-құраластық жайында Мұзағанның «Терлен талант тағылымы» атты естелігінен көп мағлұмат алуға болады.

Жалпы абыройлы ағалар қасына еріп, сапар шегуде Мұзағаң ақжолтай болғанға ұқсайды. Мәселен, 1967 жылы Сәбит Мұқановтың шақыруымен Солтүстік Қазақстан облысын аралуы жөнінде «Халқына төртқол қаламгер» деген естілікте де талай сырлар баяндалған. Қаламгер М.Әлімбаевтың азаматтық әлі творчестволық ғұмырнамасындағы биік белес «Балдырған» журналымен байланысты. 1958 жылы жазда бастауыш сынып шәкірттері мен мектеп жасына жетпеген кішкентайларға арналған көркем әдеби-әшекей журнал шығару мәселесі қозғалғанда, осы тұста редакторлығына жас журналист, жас акын Мұзағаң кандидатурасы көп қолдау табады.

Жаңа журнал жас балдырғандардың сүйікті журналы ғана болып қоймай, сонымен қатар қазақ балалар әдебиетінің жан- жақты дамуына ұйтқы болған орталыққа айналды. Көптеген балалар, акын- жазушылар осы журналда әдебиетке келді. Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, Е.Өтетілеуов, Қ.Баянбаев, Е. Елубаев, Қ.Ыдырысов, М.Төрежанов, Е.Ерботин, С.Қалиев және т.б. елімізге кең танымал ақындар «Балдырған» журналының түлектері.

Білгір редакторлардың басты қасиеттерінің бірі- жас талапкерлердің талантын, болашағын күні бұрын сезіну, айқындау болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде Мұзафар Әлімбаев шын мәнісінде көріпкел, алдағыны болжағым редактор болғанын байқаймыз. Ол шығарманың нәрлі, сөлді бөліктеріне қол тигізбеу жағындағы соларды қайткенде сақтау жағындағы жанашыр редактор боп көпке кең танылған. Редактордың авторларға деген көзқарасы жайында ойланғанда, мынаны айту керек: «Сөзің – өзің. Өзің – сөзің. Ендеше әр автор оқырмандар алдына өз әлиетімен, өз бейнесімен, өз қолтаңбасымен көрінсін. Сонда басылымның ажары ашыла түседі», - дейді Мұзағаң жалпы редакторлық миссия жөнінде[1].

Алдына шығармасы келген автордың дүниесін оқып, араға уақыт салып, ойын түйген соң, редактор Мұзафар Әлімбаев мүмкінділігі болған жағдайда акын – жазушыны шақыртып, асықпай отырып әңгімелеседі, тіл табысады, ұғысады.

«Бауырым, мына шығарманды менің тілімді алсаң, былай қысқарт, мынадай нәрселерді үстемелеп қос, ана жолды, мына тармақты былай өңдегенің дұрыс сияқты. Ал менің айтқаным заң емес. Ой салдыру үшін айтып отырғаным... Ендігісі өз қолыңда, ойла – толға... Әйтеуір, әл қадырыңша, әдемі өлең беретін бол!» - дейді екен Мұзағаң. Авторды иықтамай, намысына тимей, теңдем кісідей сөйлесу – Мұзафар Әлімбаевтың тенденциясы болған екен.

Мынандай мәнді, пайдалы әңгімеден соң, жетесі бар автор намысқа тырысатын көрінеді, жаңартып редакцияға әкеледі екен. Кондицияға келген туынды «Балдырған» журналы бетінде көп ұзамай – ақ жарық көретін

болыпты. Редактор туынды кемшіліктерін түзетуді, олқысын толтыруды, басы артығын қыркуды автордың өзіне жасаттыруды ғадетіне айналдырған.

Осы қасиеттерін бағалаған аты аңызға айналған халық жазушысы Бауыржан Момышұлы «Музафар Алимбаев не только замечательный поэт, но и прекрасный стилист – редактор», - депті. Мұзағанмен әріптес болған ақын жазушылар оның тәжірибесі мол, шебер редактор екенін ырзашылықпен айтады.

«1970 – 1973 жылдары «Балдырған» журналында Мұзағанмен бірге жұмыс істедім. Ол кісі автордан келген қолжазбаны мұқият, өзі оқитын еді. Журналға басуға жарайды дегендерін бөлек алып, жарамсыз дегендерін бөлімдегі жігіттерге беретін. Өлең редакциялауда Мұзаған аса бір асқан ынтамен істейтін еді. Біреудің жазғанын өзінің дүниесіндей аялайтын. Біреудің барын мақтап айтып жүретін Мұзағанның кісілік қасиетін мен өзім де мұрат еттім. Біреудің жазғанына қуанатын ақын ағаның үлкен жүрегіне мен әрқашан басымды иемін. Осындай ағамыздың, дарамыздың, данамыздың барына шүкірлік етемін» [2]. Бұл сөздің иесі көрнекті ақын, Мұзафар Әлімбаевтан кейін «Балдырған» журналының бас редакторы қызметін атқарған, Қазақстанның халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев.

«Мен редаткорлық шеберлікке негізінен екі кісіден үйрендім. Біреуі – тамаша жазушы, ысылған журналист Мұқан Иманжанов. Онымен 7,5 жыл «Пионер» журналында жұбымызды жазбай қызмет істедім. Екіншісі – талғамды журналист, тапқыр редактор Сырбай Мәуленов. Сыраған сөз күдіретін тамыршадай сезінетін, өте өргек, сезімтал редаткор еді. «Қазақ әдебиеті» газетінде 2 жылға жуық С. Мәуленовтың қол астында жемісті еңбектедім», - дейді Мұзаған ақылмен ағаларға деген алғысын жасырмай. [3].

Елімізге танымал балалардың сүйікті журналы «Балдырған» Мұзафар аға 1958 жылдан 1986 жылға дейін басқарған екен. Тамаша журналдың беттерінде жарияланған құнды туындылар бастауыш сыныптар оқулықтарына, «Жыл он екі ай» мектеп және балабақша репертуарларына талассыз кіріп, бұқараға кең тарады. «Балдырғанда» басылған бағалы туындылар басқа республика балалар журналындарында аударылып, көптеп басылып, қазақ атағын шығаруға да үлес қосты. Журналдың алғашқы санының таралымы 10 мың дана болып, келе-келе 350-400 мыңға жетті.

Биыл еліміз Қазақстанның халық жазушысы мемлекет сыйлығының иегері, балалар әдебиетінің классигі, «Балдырған» журналының редакторы, журналист, публицист ауыз әдебиетінің зерттеушісі Мұзафар Әлімбаевтың 100 жылдық мерей тойын, сонымен қатар, «Балдырған» журналының 65 жылдығын атап өтті. Республикамыздың әр бұрышында конференциялар, әдеби кештер, түрлі шаралар өткізілді. Мұзафар атамыздың қазақ әдебиетіне, балалар әдебиетіне қазақ өнеріне қосқан еңбегі зор. Ұлы

ақынның есімі мен сан алуан шығармашылығы мәңгілік халқымыздың рухани қазынасы болып қалады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Жолдар. Жылдар., 85б., Алматы 1952ж.
2. Т.Молдағалиев. «Балдырған» 1973ж.
3. М.Әлімбаев. Көңіл күнделігі. Алматы, 1978

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ

А.Умбетова,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ф.ғ.к.,

Г.Шауенова,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, философия докторы (PhD),

Али Ерол,

Эгей университетінің Түркі әлемін зерттеу институтының докторы,
профессор

Ұлы даланың біртуар перзенті Абай туралы зерттеулер т.б. жарық көріп келеді. Абайтану ілімінің жолы, яғни туу, даму, қалыптасу кезеңі біртегіс, еш кедергісіз бола қойған жоқ. Абай шығармашылығының, ойшылдығы мен таным көкжиегінің орасан зор кеңдігі, бәрінен бұрын, қазақ елін бодандықта ұстаған Ресей патшалығын және оның бірден-бір заңды мұрагері болған кеңестік билікті айрықша үрейлендірді. Дала перзентінің зияткерлік және даналық өре-деңгейі бір ел ғана емес, тұтас әлем елдеріне өзгеше ренессанс әкелетіні анық болғандықтан, оның шығармаларын мейлінше бұғауда ұстау үдерісі біраз уақытты қамтиды.

Философия ілімінде дәстүр және жаңашылдық деген ұғымдар бар. Кез келген дәстүр, ең алдымен, жаңашылдық боп дүниеге келеді. Егер ол жаңа бір рухани шүйгіндікке жол ашып, барлық сала бойынша тың үрдіске алғышарттар жасаса, міндетті түрде дәстүр болып қалыптасады. Абай ұлылығы өзге саланы айтпағанда, бір ғана қазақ публицистикасына, – айтпақшы, бұл мәселе осы сала ғылымында терең зерттеле қоймағанын баса айтуға тиіспіз, – орасан зор өрлеу үдерісін әкелді. Нақтыласақ:

а) Абай шығармашылығындағы тереңдік пен ойшылдық философиялық, даналық сипаттарға;

ә) қазақ руханиятындағы бұрынғы тәуелсіздік аңсау идеясын жаңа уақыт аясында дамытуға;